ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
MINISTRY OF EDUCATION AND SCIENCE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN

ҚАЗАҚ СПОРТ ЖӘНЕ ТУРИЗМ АКАДЕМИЯСЫ
КАЗАХСКАЯ АКАДЕМИЯ СПОРТА И ТУРИЗМА
THE KAZAKH ACADEMY OF SPORTS AND TOURISM

АНЫҚТАМА - ЖОЛСЕРІГІ
СПРАВОЧНИК – ПУТЕВОДИТЕЛЬ
DIRECTORIES - GUIDE

АЛМАТЫ 2020
АЛМАТЫ 2020
ALMATY 2020

Құрастырушы: ҚАЗАҚ СПОРТ ЖӘНЕ ТУРИЗМ АКАДЕМИЯСЫНЫҢ ОҚУ-ӘДІСТЕМЕЛІК БӨЛІМІ

Редакторы: Г.А. Сүлейменова – Қазақ спорт және туризм академиясының ОӘБ жетекшісі, техника ғылымдарының кандидаты, доцент.

ҚЫМБАТТЫ БІРІНШІ КУРС СТУДЕНТІ!

Сені студенттік өмірдің басталуымен құттықтаймыз! Бүгіннен бастап сен Қазақстан Республикасының жетекші ЖОО-ның бірі – **ҚАЗАҚ СПОРТ ЖӘНЕ ТУРИЗМ АКАДЕМИЯСЫНЫҢ** студенті боласың! Осы қолыңдағы жолсерік кітапша сенің көмекшің және сенімді серігің болады. Осы оқу жылдардың ішінде сен терең білім алып қана қоймай, білікті маман атанасың, сонымен қатар ұжымды және адами қарым-қатынастарды бағалауға үйренген маман боласың деп сенеміз және үміттенеміз. Саған оқуда табыс, денсаулық пен сәттілік тілейміз!

АКАДЕМИЯ ӘНҰРАНЫ

Бүгінгі күн ғажап күн
Бейбіт заман, Азат күн
Желбіре мәңгі
Көк туы қазақтың.
Кезінде жарыстың
Достармен табыстың
Елімнің ұл-қызы
Қорғаны бол намыстың

Бір қанатым
Спорттың саңлағы
Бір қанатым
Туризм арман алдағы
Мақтанамын
Академия
Шаттанамын
Жасай бер,
Жайна Қазақстан!

Если ты выбрал спорт -
Шире к рекорду шаг.
Пусть услышат все
Звон спортивных наград.
Пусть сильнейший из всех
Наш победит чемпион.
Мы свой марш запоем -
Пусть подпоет стадион.

Спорт и туризм -
Сила духа на век.
Спорт и туризм -
Это счастье больших побед.
Знания дала
Академия нам.
Каждый рекорд
Посвятим тебе, Казахстан.
Посвятим тебе, Казахстан.
Посвятим тебе, Казахстан.

АКАДЕМИЯНЫҢ ӨТКЕНІ МЕН БҮГІНГІСІ...

Қазақ спорт және туризм академиясының тарихы (ертеректегі Қазақтың дене шынықтыру институты) 14 қараша 1944 жылдан басталады. ЖОО қызмет еткен жылдары дене шынықтыру, спорт және туризм бойынша 30000-нан астам маман дайындалды, оның ішінде 4000-нан астам спорт шеберлері мен халықаралық дәрежедегі спорт шеберлері, 100-ден астам әлем чемпиондары, 550-ден астам КСРО мен Қазақстанға еңбегі сіңген жаттықтырушылар, 150-ден астам ғылым докторлары мен ғылым кандидаттары болды. Қазақ спорт және туризм академиясының (бұдан әрі-ҚазСТА) көптеген студенттері түрлі жылдардағы Олимпиада ойындарына қатысып, әр-түрлі дәрежедегі медальдерді жеңіп алды.

Академияның мақтанышы ретінде – чемпиондар және олимпиада ойындарының жүлдегерлері атанған түлектерді айта кету керек:

Жақсылық Үшкемпіров (грек-рим күресі), ***Дәулет Турлыханов*** **(**грек-рим күресі**)**, ***А.Колесов*** (грек-рим күресі), ***Виктор Минеев*** (қазіргі бес сайыс), ***Валерий Кравченко*** (волейбол), ***Нина Смолеева*** (волейбол), ***Валерий Резанцев*** (грек-рим күресі), ***Нелли Ким*** (спорттық гимнастика), ***Анатолий Быков*** (грек-рим күресі), ***Шамиль Сериков*** (грек-рим күресі), ***Елена Чебукина*** (волейбол), ***Ольга Кривошеева*** (волейбол), ***Валерий Люкин*** (спорттық гимнастика), ***Владимир Новиков*** (спорттық гимнастика), ***Валерий Тихоненко*** (баскетбол), ***Евгений Яровенко*** (футбол), ***Анатолий Храпатый*** (ауыр атлетика), ***Виталий Савин*** (жеңіл атлетика), ***Ирина Герлиц*** (баскетбол), ***Владимир Смирнов*** (шаңғы жарысы), ***Александр Парыгин*** (қазіргі бес сайыс), ***Ольга Шишигина*** (жеңіл атлетика), ***Ермахан Ибраимов*** (бокс), ***Бахтияр Артаев*** (бокс), ***Бахыт Сарсекбаев*** (бокс), ***Илья Ильин*** (ауыр атлетика), ***Ольга Рыпакова*** (жеңіл атлетика), ***Денис Тен*** (мәнерлеп сырғанау), ***Ниджат Рахимов*** (тяжелая атлетика).

ҚазСТА дене шынықтыру, спорт, туризм, мейрамхана ісі және мейманхана бизнесі бойынша ғылыми - педагогикалық мамандарды дайындайтын ел таныған орталық болып табылады. КСРО кезінде оның базасында бүкілодақтық ғылыми конференциялар және симпозиумдар өткізіліп тұрған. Академия ТМД елдері арасында спортшыларды таулы жағдайларда дайындау жүйесін пайдаланумен байланысты мәселелер бойынша негізін қалаушы және жетекші ЖОО ның бірі болып келеді.

Академия бүгінде – еліміздің заманауи жоғары оқу орындарының бірі, онда мамандарды сапалы дайындаумен педагогикалық ұжымның кәсіби өсуіне барлық жағдайлар жасалған. Академияда үздіксіз: колледж – бакалавриат – магистратура – докторантура білім беру жүйесі жұмыс істейді. Оқу үрдісі кредиттік технология жүйесі бойынша жүзеге асырылады.

Академия ЖОО-ның білім беру бағдарламалары бойынша мемлекеттік білім беру стандарттарын әзірлеушісі болып табылады. ҚазСТА базасында «Дене шынықтыру және спорт» және «Туризм» білім беру бағдарламаларының республикалық оқу-әдістемелік секциялары жұмыс істейді.

2005 жылы спорт ғылыми-зерттеу институты құрылса, ал 2008 жылы - туризм ғылыми-зерттеу институты құрылды.

Соңғы жылдары ҚазСТА-ның халықаралық беделі одан әрі артып келеді. Академияда «Халықаралық олимпиадалық спорт және баршаға арналған спорт» атты халықаралық ғылыми конгрестер өткізіледі. Академия бастамасы бойынша 2009 жылы дене шынықтыру университеттерінің халықаралық қауымдастығы құрылды, бүгінде **46 жетекші шетелдік** университеттер оның мүшесі атанды, ал оның бірінші басшысы болып ҚазСТА президенті Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген қайраткері, физика-математика ғылымдарының кандидаты, педагогика ғылымдарының докторы, математика профессоры, Петр ғылым және өнер академиясының (Санкт-Петербург қ.), Жоғары мектеп халықаралық академиясының академигі Закирьянов Қайрат Қайруллаұлы сайланды.

2014 жылы қараша айында ҚазСТА-да Ш.Уалиханов атындағы туризм академиясы ашылды.

2015 жылдың 2 шілдесінде Оңтүстік Кореяның Кванджу қаласында халықаралық университеттік спорт федерациясы (FISU) ҚазСТА-ға «ҮЗДІК УНИВЕРСИТЕТ» марапатын тапсырды.

2017 жылы ҚазСТА-ның бір жылдық бейіндік магистратурасы негізінде бірегей жоғары Жаттықтырушылардың жоғары мектебі құрылды.

Академияның басқаруымен Қазақстанда студенттер спорты биік халықаралық деңгейге көтерілді. Академияның түлектері – Олимпиада ойындарының чемпиондары (59 медаль, оның 31 алтын). Академия студенттері Қазақстанның студенттік командасы құрамасының негізін құрайтын – спортшылар. Мемлекет тәуелсіздігі кезеңінде студенттер дүниежүзілік универсиадаларда 49 алтын, 64 күміс және 76 қола медаль жеңіп алды.

2019 жылғы 12 сәуірдегі № 393 бұйрығымен 6D010800 – «Дене шынықтыру және спорт» білім беру бағдарламасы бойынша 2022 жылғы 12 сәуірге дейінгі мерзімге және 2019 жылғы 2 шілдедегі № 520 бұйрығымен 6D090200 – «Туризм» білім беру бағдарламасы бойынша 2022 жылғы 1 шілдеге дейінгі мерзімге диссертациялық кеңестер ашылды.

Оқу қызметінің негізгі мәселелерінің бірі білім беру мекемесінің сапасын тану және оның тәуелсіз сапа органдарымен жүргізілетін білім беру стандарттарына сәйкестігі болып табылады.

ҚазСТА «Туризм» және «Мейрамхана ісі және мейманхана бизнесі» (бакалавриат) және «Туризм» (магистратура) білім беру бағдарламалары бойынша **UNWTO** бағдарламасы бойынша **TedQual** халықаралық сертификатын алды. Мерзімі 2022 жылға дейін.

Академия аккредиттеу және рейтингтік Тәуелсіз агенттіктің (АРТА) 5 жыл мерзімге (24.05.2019-23.05.2024) институционалды аккредитациядан сәтті өтті.

Маңызды көрсеткіштердің бірі әр түрлі рейтингтерге қатысу болып табылады, мысалы, 2020 жылғы Жоғары оқу орындарының ұлттық сұранысқа ие рейтингіне қатысу – ҚазСТА АРТА бойынша ЖОО рейтингісінде келесі орындарға ие: ҚР жоғары оқу орындарының бас рейтингі «топ-20» – 14 орын; бакалавриат білім беру бағдарламалары (БББ) бағыты бойынша ЖОО институционалды рейтингі (Қызмет көрсету) – 4 орын; магистратура БББ бағыты бойынша ЖОО институционалды рейтингі (Қызмет көрсету) – 5 орын; мамандарды дайындау деңгейі мен бағыттарына сәйкес БББ топтары бойынша ЖОО рейтингі: бакалавр – В005-ДШ мұғалімдерін даярлау – 1 орын, В091-Туризм – 2 орын, В092-МІжМБ – 3 орын; магистратура – М005-ДШ педагогтарын даярлау – 2 орын, М147-Туризм – 1 орын; докторантура – D005-ДШ педагогтарын даярлау – 1 орын, D143-Туризм – 1 орын.

Білім беру сапасын қамтамасыз ету жөніндегі тәуелсіз агенттік-Рейтинг (IQAA-Ranking) Қазақстан ЖОО-ның ұлттық рейтингі-2020 бойынша: бакалавриат – ДШжС (1 орын), Туризм (3 орын), РДГБ (4 орын), магистратура – ДШжС (1 орын), Туризм (3 орын).

Әлемдік білім беру кеңістігіне интеграциялау, бәсекеге қабілетті мамандар даярлау, халықаралық байланыстарды нығайту Академия қызметінің басым бағыттары болып табылады.

МЕН КІМГЕ ЖОЛЫҒА АЛАМЫН?

лауазымы	аты-жөні	телефондар
Президент	Закирьянов Кайрат Кайруллинович	292-07-56
Ректор	Закирьянов Бауржан Кайратович	260-69-04 Rector.kazsport@mail.ru
Бірінші проректор-басқару аппаратының басшысы	Ескалиев Мухтар Зайнулдинович	292-20-45 prorektor_rukovoditelapp1@mail.ru
Оқу-әдістемелік жұмысы жөніндегі проректор	Нурмуханбетова Динара Кенжеевна	292-39-37 prorektorumrfk@mail.ru

Ғылым, жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру және халықаралық байланыстар проректоры	Кулбаев Айбол Тиналович	292-52-16 Kulbayev@kazast.kz shirganak_aibol@mail.ru
Спорт жөніндегі проректор	Шепетюк Михаил Николаевич	292-13-96 sport_prorector@kazast.kz
ДШж/еС Халықаралық университеттер қауымдастығының атқарушы директоры	Макогонов Александр Николаевич	292-20-45 Makogonov@kazast.kz a.makogonov46@mail.ru
Кадр, кеңсе бөлімі басшысының м.а.	Чимирова Рамиля Ильясовна	292-37-21 Kazsport@inbox.ru
Бас бухгалтер	Миндарова Айгуль Калихановна	292-23-21 khroza@mail.ru
Оқу басқармасының басшысы	Таиров Аманжан Тельманович	292-20-21 kazast11@mail.ru
Оқу - әдістемелік бөлімнің басшысы	Сүлейменова Майя Абатбекқызы	292-20-21 kazast11@mail.ru
Олимпиадалық спорт факультетінің деканы	Лесбекова Рыскуль Борановна	292-24-21 lesbekova@kazast.kz
Кәсіпқой спорт және жекпе-жек факультетінің деканы	Конакбаев Бахытбек Мухамедханович	292-78-29 Konakbayev@kazast.kz dekanat.fpsie@mail.ru
Туризм факультетінің деканы	Имангулова Татьяна Васильевна	292-14-81 Imangulova@kazast.kz dekanat_ft@mail.ru
Офис Тіркеуші	Калабаева Акбаян Куатбаевна	292-19-02 Kalabayeva@kazast.kz ofisregistrator@mail.ru
Кітапхана меңгерушісі	Джумадилова Нургуль Салимгереевна	292-20-56 Biblioteka_kaz_ast@mail.ru
Жастар ісі бөлімінің басшысы	Серикова Саяна Сабитовна	292-43-77 odm.kazast@mail.ru
Академия сайты		http://kazast.kz
Кафедралар		
Анатомия, физиология және спорттық медицина	Кисебаев Жанибек Сагатович	292-13-80 kisebaev@kazast.kz anfiz_sm@mail.ru
Әлеуметтік-гуманитарлық пәндер	Агелеуова Айгуль Токтархановна	292-14-87 ageleuova@kazast.kz kafedra_sgd2014@mail.ru
Бокс, ауыр атлетика және шығыс жекпе-жек	Бекмуханбетов Бекен Сарсенбаевич	292-43-11 kafedra.boks.17@mail.ru
Гимнастика және жүзу	Ермаханова Амина Бахитовна	292-47-50 Yermakhanova@kazast.kz gimswim@mail.ru
ДШжС теориялық негіздері	Дошыбеков Айдын Багдатович	272-07-79 Doshybekov@kazast.kz kafedra_tofks@mail.ru
Күрес және ұлттық спорт түрлері	Сайлаубаев Жайдар Нурахметович	292-34-17 borba_17@mail.ru
Қазақ, орыс және шет тілдері	Оспанова Айгуль Булатовна	292-38-34 kafedra_yazykov@mail.ru
Жеңіл атлетика, қысқы және күрделі техникалық спорт түрлері	Унтаев Холдар Камбарович	292-21-81 Untayev@kazast.kz

		kafedral@bk.ru
Спорттық ойындар	Кефер Наталья Эгеновна	292-33-15 sport.games.kazast@mail.ru
Туризм және сервис	Абдикаримова Мадина Нурболатовна	292-33-46 Abdikarimova@kazast.kz Kafedra_tur@mail.ru
Футбол	Саутов Рахмет Тюлюмбаевич	rakhmet@bk.ru

НЕ? ҚАЙДА? ... және ҚАЛАЙ ТАБУҒА БОЛАДЫ?

Мекеме	жауапты тұлға	мекенжай, телефондар
Стадиондар		
«ХАН-Тәңірі» стадионы	Даумов А.А.	Шевченко к.,110 Тел: 292-49-78
«Локомотив – Алаш» стадионы	Даумов А.А.	Сейфуллин к., 26В Тел: 234-14-32
«ҚайМар» және «Горельник» оқу-жаттығу және спорттық базалары	Акедилов А.Т	Талғар ауданы
«Шогансай» оқу-жаттығу және спорттық базасы	Талкыбаев Б.И.	
Скалодром		Абай даңғылы 85/105
Жүзу бассейні	Шестопалов В.А	Байтурсынов к., 105. 292-38-31
Қапшағай оқу-жаттығу және спорттық базасы	Малкенова Ж.А.	
Мұражай		
Олимпиадалық және спорттық даңқ мұражайы		Сейфуллин / Богенбай батыр даңғылы, 551/152
Ғылыми-зерттеу институттары		
Туризм ҒЗИ	Еспенбетов Н.С.	Сейфуллин / Богенбай батыр даңғылы, 551/152
Спорт ҒЗИ	Доскараев Б.М.	Қабанбай батыр көшесі, 117
Туристік-ақпараттық және әдістемелік орталық	Лютерович О.Г.	Сейфуллин / Богенбай батыр даңғылы, 551/152
Интернет қосылған компьютерлік сыныптар		
Инновациялық-техникалық бөлім	Алдыбаев Бауржан Бахытбекович	Абай даңғылы 85/105 320,321, 324, 325 бөлмелер
Кітапхана, оқу залдары		
Кітапхана директоры	Джумадилова Н.С.	Абай даңғылы 85/105
Оқу залы	Мейрамгалиева Ж.К.	Абай даңғылы 85/105 102 бөлме
Оқу залы (магистратура, докторантура)	Байбулова Л.С.	Абай даңғылы 85/105 101 бөлме
Оқу залы (электронды)	Рамазанова А.М.	Абай даңғылы 85/105 97 бөлме

Оқу залы (абонемент)	Бодауова А.К. Абдиханова А.Б.	Абай даңғылы 85/105 104 бөлме
Жатақханалар		
№ 2 жатақхана	Тайшинов А.К.	Тимирязев көшесі, 13 Тел: 292-44-19
№ 3 жатақхана	Тайшинов А.К.	Қабанбай батыр көшесі,117/68 Тел: 292-08-42
№ 4 жатақхана	Тайшинов А.К.	Құрманғазы к.,104/108 Тел: 261-43-26
Қонақ үйлер		
«Хостел»		Марков көшесі, 46а
«Academic Apartments»		Тимирязев көшесі, 13 б
Қоғамдық тамақтану		
«Loft cafe»		Тимирязев көшесі, 13 б. Тел. 8-727-292-04-98
«Аппетит» асханасы		Абай даңғылы 85/105 тел. 276-27-21

СТУДЕНТТЕРГЕ ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ ОРТАЛЫҒЫ

ҚазСТА оқу-әдістемелік бөлімінің базасында білім алушыларға жедел қызмет көрсету, іс жүргізуді тиімді және сапалы жүргізу мақсатында **студенттерге қызмет көрсету орталығы** (СҚКО) жұмыс атқарады. СҚКО «бір терезе» қағидаты бойынша білім алушылар мен түлектерге бағдарланып жұмыс істейді.

ҚазСТА СТУДЕНТІНІҢ АР-НАМЫС КОДЕКСІ

Қазақ спорт және туризм академиясының студенті жоғары білім жүйесін іске асыруды негізгі мақсат етіп, кәсіби және мәдени бағытталған, әлемтанушылық деңгейі жоғары тұлға ретінде өз жауапкершілігін сезіне отырып, жан-жақты ойлау қабілетімен, мамандығы бойынша тұғырлы мүдделерімен және ұжымдық басқаруды нығайту мен дамуды өзіндік парыз-міндеті санап, ҚазСТА студентінің осы Кодексін қабылдайды және оған бағынуға міндетті.

ҚазСТА студенті Қазақстан Республикасына лайықты азамат болуға, таңдап алған мамандығының кәсіби шебері болуға, өзінің шығармашылық ерекшелігінің ең жақсы қырларын дамытуға ұмтылады.

ҚазСТА студенті өзінен жасы үлкендерді құрметтеп, сыйлайды және айналасындағылармен қарым-қатынас кезінде дөрекі мінез танытпайды, әлеуметтік тұрғыда әлсіз жандарға ізет, жанашырлық және шамасы келгенше қолғабыс-көмек көрсетеді.

ҚазСТА студенті – әдептіліктің, мәдениеттілік, адамгершіліктің үлгісі, жамандыққа, сондай-ақ, жынысаралық, ұлтаралық және дінаралық сипаттағы келіспеушіліктерге жол бермейді.

ҚазСТА студенті салауатты өмір сүреді және жаман әдеттерден мүлдем бас тартады.

ҚазСТА студенті ЖОО салттарын құрметтейді, оның мүлкін ықтияттап қолданады, тазалық пен тәртіпті сақтайды.

ҚазСТА студенті ЖОО келбеті мен мәдениетін жоғарылатуға бағытталған іс-әрекеттер (ғылым-білімге қатысты, спорттық, көркемдік) мен өзіндік шығармашылық қырларын дамытуда белсенділік танытады.

Академия қабырғасынан тыс жерде студент өзінің жоғары мектептің танытушысы екенін естен шығармайды және оның абыройы мен беделін төмендетпес үшін бар күш-жігерін жұмсайды.

Студент академиялық әділетсіздіктермен күресуді өзінің борышы санайды. Мәселен, білімді бағалау сәттерінде көшіру, өзгелерден көмек сұрау, кез-келген көлемі

дайын оқу материалдарын ұсыну (рефераттар, курстық, бақылау, дипломдық және басқа жұмыстар), әсіресе, өз еңбегінің нәтижесі ретінде интернет ресурстарын пайдалану, жоғары бағалар алу үшін туыстық немесе қызметтік байланыстарға жүгіну, белгісіз себептермен сабаққа қатыспау, кешігіп келу сияқты т.б. жаман қылықтарға бой алдырмайды.

ҚазСТА студенті Қазақстанның болашақ экономикалық, саяси және басқарушылық зиялылығына лайықты сапалы да, бәсекелестік мүмкіншілігі жоғары білім алуда аталған академиялық бейәдеп келеңсіздіктерді жат деп қарастырады.

ОҚУ ҮРДІСІН ҰЙЫМДАСТЫРУ

Күндізгі оқу нысанының академиялық күнтізбесі

Күз 2020	
24 тамыз – 29 тамыз	Бағыт беру аптасы (Элективті курстардың презентациясы және 1 курс студенттерінің жеке оқу жоспарын құрастыру)
30 тамыз	Конституция күні (демалыс)
1 қыркүйек	Конституция күніне және Білім күніне арналған Салтанатты жиналыс
1 қыркүйек –12 желтоқсан	1 семестр, теориялық оқыту
1 қыркүйек –12 желтоқсан	6В01401 – «Дене шынықтыру және спорт» білім беру бағдарламасы бойынша «Педагогикалық мамандыққа кіріспе» және «Таңдаған спорт түрінің теориясы мен әдістемесі» пәндері аясындағы үздіксіз оқу танысу практикасы-1 курс
12 қазан – 17 қазан	№ 1 аралық бақылау (АБ № 1)
7 желтоқсан – 12 желтоқсан	№ 2 аралық бақылау (АБ № 2)
14 желтоқсан – 26 желтоқсан	Емтихан сессиясы
28 желтоқсан – 16 қаңтар	Қысқы демалыс – 1 курс
Сабақтардың жалпы саны: 15 апта	
Көктем 2021	
18 қаңтар – 1 мамыр	2 семестр, теориялық оқыту
1 наурыз – 6 наурыз	№ 1 аралық бақылау (АБ № 1)
8 наурыз	Халықаралық әйелдер күні (демалыс)
21 – 23 наурыз	Наурыз мейрамы (демалыс)
26 сәуір – 1 мамыр	№ 2 аралық бақылау (АБ № 2)
1 мамыр	Қазақстан халықтарының бірлігі күні (демалыс)
10 мамыр – 22 мамыр	Емтихан сессиясы
9 мамыр	Жеңіс күні (демалыс)
24 мамыр – 3 шілде	6В01401 – «Дене шынықтыру және спорт» білім беру бағдарламасы бойынша академиялық қарызды жою бойынша жазғы семестр – 1 курс
24 мамыр – 28 тамыз	6В01401 – «Дене шынықтыру және спорт» білім беру бағдарламасы бойынша жазғы демалыс – 1 курс
25 мамыр – 20 маусым	6В11101 – «Туризм» білім беру бағдарламасы бойынша оқу практикасы – 1 курс
22 маусым – 01 тамыз	6В11101 – «Туризм» білім беру бағдарламасы бойынша академиялық қарызды жою бойынша жазғы семестр – 1 курс
25 мамыр – 6 маусым	6В11102 – «Мейрамхана ісі және мейманхана бизнесі» білім беру бағдарламасы бойынша оқу практикасы – 1 курс
8 маусым – 18 шілде	6В11102 – «Мейрамхана ісі және мейманхана бизнесі» білім беру бағдарламасы бойынша академиялық қарызды жою

	бойынша жазғы семестр – 1 курс
8 маусым – 29 тамыз	Білім беру бағдарламасы бойынша жазғы демалыс 6В11102 – «Мейрамхана ісі және мейманхана бизнесі» - 1 курс
Сабақтардың жалпы саны: 15 апта	

Қашықтықтан білім беру технологияларын (ҚБТ) қолдана отырып, күндізгі қысқартылған оқу нысанының академиялық күнтізбесі

Күз 2020	
24 тамыз – 29 тамыз	Бағыт беру аптасы (Элективті курстардың презентациясы және 1 курс студенттерінің жеке оқу жоспарын құрастыру)
1 қыркүйек –12 желтоқсан	1 семестр, қашықтықтан оқыту
12 қазан – 17 қазан	№ 1 аралық бақылау (АБ № 1)
30 қараша – 12 декабря	Практикалық сабақ
7 желтоқсан – 12 желтоқсан	№ 2 аралық бақылау (АБ № 2)
14 желтоқсан – 26 желтоқсан	Емтихан сессиясы
28 желтоқсан – 16 қаңтар	Қысқы демалыс
Көктем 2021	
18 қаңтар – 1 мамыр	2 семестр, қашықтықтан оқыту
1наурыз – 6 наурыз	№ 1 аралық бақылау (АБ № 1)
19 сәуір – 1 мамыр	Практикалық сабақ
26 сәуір – 1 мамыр	№ 2 аралық бақылау (АБ № 2)
10 мамыр – 22 мамыр	Емтихан сессиясы
24 мамыр – 3 шілде	Академиялық қарызды жою бойынша жазғы семестр
24 мамыр – 28 тамыз	Жазғы демалыс

ҚОҢЫРАУ КЕСТЕСІ

I Ауысым
08.30 - 09.20
09.30 - 10.20
10.30 – 11.20
11.50 – 12.40
12.50 – 13.40
13.50 – 14.40
14.50 – 15.40
15.50 – 16.40
16.50 – 17.40

СТУДЕНТТЕРДІҢ КҮНТІЗБЕСІ

Күз 2020	
30 тамыз	ҚР конституциясы күні (демалыс)
1 қыркүйек	Білім күні 1- ші семестрдің басталуы
20 қыркүйек	Халықаралық студенттік спорт күні
Қыркүйектің үшінші жексенбісі	Қазақстан халқының тілдер күні
27 қыркүйек	Халықаралық туризм күні
1 қазан	Халықаралық қарттар күні
6 қазан	Халықаралық мұғалімдер күні
24 қазан	Халықаралық Біріккен ұлттардың ұйымы күні
Қазан-қараша	Бірінші курс ҚазСТА студенттерінің ҚазСТА студенттігіне арнау күні
10 қараша	Дүниежүзілік жастар күні

17 қараша	Халықаралық студенттер күні
Қыс 2020-2021	
1 желтоқсан	ҚР Тұңғыш Президенті күні Дүниежүзілік ЖИТС-пен күрес күні
16-17 желтоқсан	ҚР Тәуелсіздік күні (демалыс)
1-2 қаңтар	Жаңа жыл (демалыс)
Көктем 2021	
1 наурыз	Алғыс айту күні
8 наурыз	Халықаралық әйелдер күні (демалыс)
21-22-23 наурыз	Наурыз мейрамы (демалыс)
27 наурыз	Халықаралық театр күні
7 сәуір	Дүниежүзілік денсаулықты сақтау күні
12 сәуір	Дүниежүзілік ғарышкерлер және авиация күні
24 сәуір	Халықаралық жастар ынтымақтастығы күні
1 мамыр	Қазақстан халықтарының бірлігі күні (демалыс)
7 мамыр	Отан қорғаушылар күні
9 мамыр	Жеңіс күні (демалыс)
Жаз 2021	
1 маусым	Халықаралық балаларды қорғау күні
5 маусым	Дүниежүзілік қоршаған ортаны қорғау күні
14 маусым	ҚазСТА түлектер күні
26 маусым	Халықаралық нашақорлыққа және есірткі бизнесіне қарсы күрес күні
Тамыз айының үшінші жексенбісі	ҚР Спорт күні

КРЕДИТТІК ОҚУ ЖҮЙЕСІМЕН БАЙЛАНЫСТЫ НЕГІЗГІ ҰҒЫМДАР

Анықтама-жолсерікте келесі негізгі ұғымдар мен анықтамалар қолданылады:

⇒ **арнайы жоғары білім** – нормативті оқу мерзімі 4 жылдан кем емес, нақты мамандық біліктілігін беру үшін мамандарды дайындауға бағытталған жоғары білімнің кәсіби оқу бағдарламасы;

⇒ **бакалавриат** – нормативті оқу мерзімі 4 жылдан кем емес, мамадығына сәйкес «бакалавр» академиялық дәрежесін беру үшін мамандарды дайындауға арналған жоғары білімнің кәсіби оқу бағдарламасы;

⇒ **дескрипторлар (Descriptors) –** жоғары және жоғарыдан кейінгі білімнің әрбір деңгейінің **оқу бағдарламасын аяқтаған соң студенттердің игерген білім деңгейі мен көлемін, біліктіліктерін, тәжірибесі мен құзіреттіліктерін сипаттау.** Дескрипторлар білім беру нәтижелерінде, қалыптасқан құзіреттіліктерден, сондай-ақ ECTS кредиттерінің жалпы сандарынан (сынақ бірліктері) негізделеді;

⇒ **кредиттік оқу жүйесі** – білім алушылардың оқу үдерісін регламенттеу және білім көлемін кредитпен есептеу шеңберінде білім траекториясын жеке даралау мен таңдау негізінде өзіндік білім алуы мен шығармашылықты меңгеру деңгейін арттыруға бағытталған білімдік жүйе;

⇒ **академиялық күнтізбе (Academic Calendar)** - оқу жылы бойында демалыс күндері (демалыстар мен мерекелер) көрсетілген оқу, бақылау шаралары мен тәжірибелер күнтізбесі;

⇒ **академиялық кезең (Term)** - ұзақтығы 15 апталық теориялық оқу, семестр кезеңі;

⇒ **білім алушының академиялық рейтингі (Rating)** – аралық аттестаттау және қорытынды бақылау нәтижелері бойынша құрастырылған бағдарламалық материалды меңгеру деңгейінің сандық көрсеткіші;

⇒ **академиялық анықтама, транскрипт (Transcript)** – оқытудың сәйкес кезеңінде өтілген пәндердің тізімінен тұратын әріптік және сандық атау бойынша кредиттер мен бағаларды көрсетумен белгіленген құжат түрі;

⇒ **белсенді үлестірме материалдар (БҮМ) (Hand-outs)** – білім алушының тақырыпты шығармашылықпен, тиімді меңгеруін мотвациялау үшін сабақ барысында үлестірілетін көрнекті иллюстрациялық материалдар, (лекция тезистері, сілтемелер, үлгілер, глоссарий, дербес жұмысқа арналған тапсырмалар);

⇒ **оқу пәніне жазылу (Enrollment)** – білім беру ұжымы белгілеген тәртіп бойынша білім алушының оқу пәніне алдын-ала жазылу үрдіісі;

⇒ **Білім алушыларды аттестаттау (Qualification Examination)** – мемлекеттік жалпыға міндетті стандартында білім деңгейіне сәйкес қарастырылған және оның нәтижелері бойынша білімі туралы құжат (диплом) беретін оқу пәндерін меңгеру дәрежесін анықтау мақсатымен өткізетін үрдіс;

⇒ **қорытынды бақылау (Final Examination)** – емтихан түрінде (тестілеу) аралық аттестаттау кезінде оқу пәндері оқылған соң өткізілетін білім алушының білімін тексеру;

⇒ **таңдауы бойынша компонент (Electives)** - жоғары оқу орны ұсынған және білім алушының өз бетімен таңдайтын кредиттердің ең аз көлеміне лайықты оқу пәндерінің тізімі;

⇒ **офис Тіркеуші қызметі (Office of Registrar)** – білім алушының білімін бақылау және академиялық рейтингін есептеу ұйымдастыруды қамтамасыз етуші барлық оқу жетістіктерінің тарихын тіркеумен шұғылданатын қызмет;

⇒ **дипломдық жұмыс (жоба)** – салаға байланысты мамандықтың көкейкесті мәселелерін студенттің өз бетінше зерттеуінің нәтижелері қамтылған, ғылыми зерттеу элементтері бар бітіруші жұмысы.

⇒ **жеке оқу жоспары** – студенттің өз бетімен әрбір оқу жылына арнап, типтік оқу жоспары және элективті пәндердің каталогы негізінде эдвайзердің көмегімен құрастырылған оқу жұмысы жоспары болып табылады.

⇒ **элективті пәндер каталогы (ЭПК)** – жүйеленген, қысқаша сипаттамасы берілген студенттерге таңдауы бойынша ұсынылатын оқу пәндерінің тізімі, онда пәндердің мақсаты, қысқаша мазмұны және күтілетін нәтижелері сипатталады (студенттің білім, біліктілік, қабілет, құзіреттілігін игеруі жөнінде). ЭПК-да әрбір оқу пәнінің постреквизиттері мен пререквизиттері көрініс табады. ЭПК студенттерге элективті оқу пәндерін баламалы таңдаудың мүмкіншілігін қамтамасыз ету керек.

⇒ **таңдау бойынша бөлім** – жоғары оқу орындары, өзбетінше таңдаған және студенттің оқып үйренген кез-келген академиялық кезеңінде ұсынылатын оқу пәндерінің тізбесі және соған сәйкес кредиттер мен академиялық сағаттардың ең аз көлемі.

⇒ **пререквизиттер (Prerequisite)** – оқылған пәнді меңгеруге қажетті білімдер мен дағдылардан тұратын пәндер тізімі;

⇒ **постреквизиттер (Postrequisite)** - пәнді оқып болған соң игерілген білім, білік және дағдылар талап етілетін пәндерді оқуға арналған пәндер тізімі;

⇒ **силлабус (Syllabus)** – оқылатын пәннен, мақсаты мен міндеттерінен, қысқаша мазмұнынан, әрбір сабақтың тақырыбы мен ұзақтығынан, өзіндік жұмыстардың тапсырмаларынан, әдебиеттер тізімінен, кеңес беру уақытынан, білім алушылар білімін тексерудің модульдік-рейтингілік кестесінен, оқытушының талабынан, бағалау критерийлер мен ережелерінен тұратын оқу бағдарламасы;

⇒ **өту балы (Grade Point Average - GPA)** – таңдап алынған бағдарлама бойынша білім алушының бір оқу жылында жеткен оқу жетістіктерінің деңгейін бағалаудың орта салмақты бағалануы;

⇒ **білімдеріне Аралық бақылау жасау (АБ)** – бекітілген академиялық күнтізбеге сәйкес оқу сабақтарын жүргізетін оқытушының білім алушының оқу жетістіктерін мерзім бойынша тексеріп отыру; аралық бақылау академиялық кезеңнің 7(8) және 14(15) апталарында өткізіледі. Аралық бақылаудың нәтижелері офис Тіркеушінің емтихан ведомосі мен компьютерлік базасына енгізіледі. Аралық бақылау әртүрлі формалар бойынша өткізіледі: (ауызша сұрақ, жазбаша/компьютерлік тестілеу, коллоквиумдар, курс жұмыстарын қорғау);

⇒ **үлгерімге ағымдық бақылау жасау** – білім алушының оқу жетістіктерін пәннің әрбір тақырыбы немесе тараулары бойынша жүйелі тексеруі;

⇒ **СӨЖ - ҚазСТА студенттерінің өзіндік жұмысы** – білім алушының санатына байланысты оқу-әдістемелік әдебиеттермен қамсыздандырылған және тестілеу түріндегі бақылау жұмыстары, коллоквиумдардың, рефераттар, шығармалар мен есеп түріндегі белгілі бір тізім бойынша атқарылатын жұмыс;

⇒ **СОБЖ** - ҚазСТА студентінің оқытушымен бірге және оқытушы жетекшілігімен – кесте бойынша атқаратын жұмысы;

⇒ **эдвайзер (Advisor)** - мамандыққа лайықты білім алушының академиялық жетекшісі функцияларын орындайтын, оқу траекторияларын таңдауда ықпал етуші (жеке оқу жоспарын қалыптастыруда) және оқу кезінде білім бағдарламаларын игеруде көмек көрсетуші оқытушы;

⇒ **емтихан сессиясы** – ҚазСТА студенттерінің жоғары оқу орындарындағы (бұдан әрі-ЖОО) аралық аттестаттау кезеңі.

СТУДЕНТТЕРДІҢ БІЛІМДЕРІН, ДАҒДЫЛАРЫ МЕН БІЛІКТІЛІКТЕРІН БАҚЫЛАУ ЖҮЙЕСІ

Күндізгі оқу бөлімі студенттеріне арналған мәліметтер

Үлгерімге ағымдық бақылау жасау, білім алушының кәсіби оқу бағдарламалары мен мемлекеттік жалпыға міндетті білім стандартының игеру дәрежелерін анықтау мақсатында аралық және қорытынды аттестаттау өткізіледі.

ҚазСТА студенттерінің үлгеріміне ағымдық бақылау жасау оқу пәнінің әрбір тақырыбы бойынша өткізіледі және аудиториялық, сондай-ақ аудиториядан тыс жұмыстарды бақылаудан тұрады.

Ағымдық бақылау бағасы (жіберу рейтингісінің бағасы) аудиториялық сабақтардағы ағымдық бақылау бағасынан және аралық бақылау бағасынан (аудиториядан тыс сабақтар) құралады.

Оқу үлгерімін ағымдық бақылау барысында студенттердің оқу жетістіктері әрбір орындалған тапсырма үшін 100 баллдық бағам бойынша бағаланады (ағымдағы сабақтардағы берген жауаптары, үй тапсырмасын орындауы, студенттердің өзіндік жұмыстары (бұдан әрі - СӨЖ, аралық бақылау) және ағымдық үлгерім бақылауының соңғы нәтижесі академиялық кезеңде алынған барлық бағалардың орташа арифметикалық сомасын есептеу арқылы алынады.

Осыған ұқсас көзқарас білім алушының оқу жетістіктерін аралық және қорытынды аттестаттау барысында қолданылады.

Аралық бақылау бір оқу пәнінің шеңберінде бір академиялық кезең бойында екі реттен кем емес түрде өткізіледі.

ЖОО-да студенттерді аралық аттестаттау мемлекеттік жалпыға міндетті жоғары білім беру стандарттары негізінде әзірленген оқу жұмыс жоспарына, академиялық күнтізбеге және кәсіптік оқу бағдарламаларына сәйкес жүзеге асырылады.

Студенттерді аралық аттестаттау емтихан тапсыру түрінде өткізіледі.

Студенттерге аралық аттестаттауды ұйымдастыру мен өткізу офис тіркеушіге жүктеледі.

Аралық аттестаттау нәтижелері бойынша офис тіркеуші студенттердің академиялық рейтингісін құрайды.

Емтихандар кестеге сәйкес тапсырылады және пәннің барлық кәсіптік оқу бағдарламасы бойынша білім алушылардың оқу жетістіктерін тексеру нысаны болып табылады және академиялық кезеңдегі оқу жетістіктерін бағалау мақсатын көздейді.Факультет деканы жекелеген жағдайларда (науқастануы, отбасылық және қызметтік жағдайлары бойынша) студентке жеке кесте бойынша емтихан сессиясын тапсыруға рұқсат етеді.

Емтихандық сессияға жіберу екі кезеңде жүзеге асырылады:

1) бірінші кезеңде факультет деканының жалпы өкімімен оқу ақысын төлеу бойынша берешегі, пререквизиттер бойынша академиялық берешегі жоқ, академиялық демалыста немесе ұзақ емделуде болмаған білім алушыларды емтихан сессиясына жіберу жүргізіледі.

2) екінші кезеңде үлгерімді ағымдық және межелік бақылау нәтижелері бойынша анықталатын рейтинг бағасы негізінде пән бойынша емтиханға автоматты түрде жіберу жүзеге асырылады.

Емтихан сессиясын жеке кесте бойынша тапсыруға факультет деканына ауруы туралы, баланың тууына байланысты, жақын туыстарының қайтыс болуына байланысты, қызметтік немесе оқу іссапарына байланысты растайтын анықтама ұсынылған жағдайда рұқсат етіледі.

Емтихан аяқталғаннан кейін әр пән бойынша студентке қорытынды баға қойылады, ол оның оқу жетістіктерінің бағасы болып табылады.

Пән бойынша қорытынды баға жіберу рейтингісінің және қорытынды бақылаудың бағаларынан тұрады.

Студенттің қорытынды бағасына ағымдағы үлгерімнің үлесі (ағымдық және аралық бақылау) 60% - дан кем емес, қорытынды бақылау бағасының үлесі пән бойынша қорытынды бағаның 40% - дан артық емес. Аттестациялық балл алмаған Студент аралық аттестаттауға жіберілмейді.

Егер пән бағдарламасын толық көлемде орындаған білім алушы емтиханға келмесе, емтихан ведомосына оның тегінің қарсы жағына «келмеді» деген белгі қойылады.

Дәлелді себеп болған жағдайда (ауруы, отбасылық және қызметтік жағдайлары бойынша) факультет деканының өкімімен емтихан тапсырудың жеке кестесі белгіленеді.

Дәлелді себеп болмаған жағдайда емтиханға келмеу «қанағаттанарлықсыз» бағаға теңестіріледі.

Қашықтықтан білім беру технологиясын қолдана отырып, күндізгі қысқартылған оқу түрінің студенттеріне арналған ақпараттар

Қашықтықтан білім беру технологияларын (ҚБТ) қолдана отырып, күндізгі қысқартылған оқу нысанындағы студенттердің үлгерімін ағымдағы бақылау академиялық күнтізбеге сәйкес өткізілетін оқу-емтихан сессиясы басталғанға дейін де, кезеңінде де жүзеге асырылады.

